

## АКТ

« 16 » қараша 2023 жыл

Жаңаөзен қаласы

Біз төмендегі қол қоюшылар, Жаңаөзен қаласы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау капитаны Б.Ж.Килжанов, «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ – нің директорының міндетін атқарушы К.Т.Сакиева, «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ – нің шараушылық меңгерушісі Р.Махмутова Жаңаөзен қаласы прокуратурасының тексеру тағайындау туралы акт негізінде, Жаңаөзен қаласы, Шұғыла шағын ауданында орналасқан «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимаратына жоспардан тыс тексеру кезінде төмендегідей кемшіліктер анықталғанын растап қол қоямыз.

**1. Ғимаратқа орнатылған автоматты өрт дабыл қондырғысы жұмыссыз күйде.** Негізі: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығының 6 тармағы.

**2. «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің аумағындағы «ӨГ» әріптік индексі, нұсқағыштан бастап гидрантқа дейінгі қашықтық метрдегі цифрлық мәндермен жазылған флуорресцентті нұсқағыш орнатылмаған.** Негізі өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту ҚР ТЖМ 2022 жылғы 22 ақпандағы №55 бұйрығының 1575 тармағы

**3. Ғимаратта орнатылған ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін сынау актісінің, су беруді сынау хаттамасының және өрт крандары клапандарының жұмыс қабілеттілігін сынау хаттамасының нысандары 14-қосымша сәйкес жасақталған хаттамалары ұсынылған жоқ.** Негізі: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы «21» ақпандағы № 55 бұйрығы Өрт қауіпсіздігі қағидаларының 1585 тармағы;

**4. Ғимаратта орнатылған ішкі өрт сөндіру крандары жалғанбаған.** Негізі: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы «21» ақпандағы № 55 бұйрығы Өрт қауіпсіздігі қағидаларының 1576 тармағы;

Б.Килжанов

К.Т.Сакиева

Р.Махмутова

